

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ

2020 жылдың IV тоқсаны

2020 жыл депозиттер нарығының құрылымдық дамуына және өркендеуіне елеулі түрде ықпал еткен бірқатар уақиғалармен есте қалды. Әлемдік коронавирус пандемиясы және карантиндік шектеулердің енгізілуі отандық экономикада іскерлік белсенділіктің едәуір төмендеуіне әкеп соқты. Осыған байланысты Қазақстанның Үкіметі мен Ұлттық Банкі бірқатар шараларды жүзеге асырды.

Алайда депозиттер көлемінің артуына қатысты сенім жоғары болмаса да тұрғындардың депозиттерінің өсуі рекордтық көрсеткішке жетті. Бір қарағанға депозиттердің өсуі мен экономикадағы құлдырау арасындағы байланыс айқын болмағанымен, оның бар екендігін мұқият зерттеп, зерделеу арқылы мынадай деректер және үрдістермен түсіндіруге болады:

- 1) ақшаның кең көлемде ұсынылуы: көбінесе қазыналық арна – Ұлттық қор арқылы бюджет тапшылығының орнын толтырулар, сондай-ақ рекордтық көлемдегі әлеуметтік көмектер мен ұлттық валютаны қолдау бойынша шаралар;
- 2) теңгелік мөлшерлемелерді, олардың ішінде нақты мөлшерлемелерді Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне байланыстыру арқылы мейлінше жоғары деңгейде ұстап тұру. Бұл ретте экономикадағы дағдарыстарға жауап ретінде базалық мөлшерлеменің өскендігін айта кеткен жөн;
- 3) бағамның ықпалы – бағамның құнсыздануы есебінен теңгемен көрсетілген валюталық депозиттердің бастапқыда кеңейтілуі және кейіннен осы артық қаражаттың теңгеге айырбасталуы;
- 4) кредиттік кеңейтілімнің көбінесе бөлшек несие беру саласы арқылы ықпал етуі;
- 5) карантиндік шектеулер аясында тұрғындардың тұтынушылық себетіндегі бірқатар шығындардың шектелуі немесе қолжетімсіздігіне байланысты одан алынып тасталуы. Бұл өз кезегінде қаражаттың стандартты деңгейден тыс артық жиналуына әсер етті.

2020 жылы жеке тұлғалардың депозиттерінің Жалпы ішкі өнімдегі үлесі 15,6 пайызды құрады (2019 жылы – 13,4%). Соның ішінде теңгелік депозиттердің үлесі Жалпы ішкі өнімнің 9,5 пайызына жетті (2019 жылы – 7,8%). Бұл ретте елдегі ақша жиынының құрылымында тұрғындардың депозиттері 43,8 пайызды құрап (2019 жылы – 43,6%), ақша массасының қалған сегменттерінен, оның ішінде тұрғындардың шетел валютасындағы депозиттерінен (2020 жылы – 15,5%, 2019 жылы – 14,3%) айтарлықтай басым серпін көрсетпеді.

Жеке тұлғалар депозиттерінің даму қарқыны

Жеке тұлғалардың депозиттерге кепілдік беру жүйесіне (бұдан әрі - Жүйе) қатысушы банктердегі депозиттердің жалпы көлемі рекордтық көрсеткішке жетіп, **10,9 трлн теңгені** құрады. Өткен жылы өсім абсолютті дәрежеде **1,6 трлн теңге немесе 17,4 пайызды** көрсетті (2019 жылы – 535,3 млрд теңге немесе 6,1 пайыз) (1-сур.). 2020 жылдың 3 тоқсанында Жүйедегі депозиттердің өсімі 587 млрд теңге немесе 5,7 пайыз болды (2-сур.).

Бытырғы жылы нақты өсім инфляцияны ескергенде 9,9 пайыз деңгейінде қалыптасты (2019 жылы - +0,7%, 2018 жылы – +1,3%). Валютаны қайта бағалауды есепке алмай айтар болсақ (валюта бағамы 2019 жылдың соңындағы деңгейде тіркелді), жеке тұлғалардың депозиттерінің өсімі 2020 жылы 13,1 пайызды көрсетті (2019 жылы - +6,5%).


2020 жылы жеке тұлғалардың теңгелік депозиттерінің өсімі абсолютті тұрғыда 1,3 трлн теңге немесе 23,6 пайызды құрады (2019 жылы – 834,3 млрд теңге немесе 18,2%). Атап өту керек, тұрғындардың теңгелік салымдары бойынша негізгі түсім 4-ші тоқсанда байқалды. Алайда 2020 жылы осы көлемге салыстыруға келетін үлкен түсім 2-ші тоқсанда да тіркелді. Осы екінші тоқсанда теңгелік депозиттердің көлемінің артуы нәтижесінде теңгелік депозиттердің жалпы жылдық өсімі 10,2 пайызға жетті.

Валюталық және теңгелік депозиттердің өзгерісінен, екінші тоқсанда теңгелік салымдардың айтарлықтай өсуіне валюталық жинақ ақшаның пайда болған артық бөлігін кері айырбастау есебінен қол жеткізілгенін көруге болады. Бұл әлемдік экономикалық ахуал аясында шетел валютасы бағамының күрт құнсызданып кетуінен болды. Оны валюталық депозиттердің 1-ші тоқсанда өсіп, 2-ші тоқсанда керісінше төмендеуінен көруге болады (3-сурет).


Бұған қоса, теңгелік депозиттердің жылдық өсіміне әлеуметтік сипаттағы шұғыл шаралар да әсер етті. Бұл шаралар карантин кезінде тұрғындарға қолдау көрсету мақсатында мемлекет тарапынан қолға алынған болатын. Осылайша теңгелік депозиттер бойынша бағамдалған ұзақ мерзімді үрдіс күрт өзгерді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша халықтың валюталық депозиттері теңгемен есептегенде 341,5 млрд теңгеге немесе 8,8 пайызға өсіп, 2021 жылдың басына қарай жеке тұлғалардың депозиттерінің жалпы көлемінің 38,7 пайызын құрады (2020 жылдың басына қарай – 41,8% болған еді). Халықтың валюталық депозиттері доллармен есептегенде өткен жылдың қорытындысы бойынша 1,4 пайызға азайды (- 145,7 млн АҚШ доллары, 3-сурет). Жалпы теңгенің құнсызданғанына және халықтың алда жағымсыз жәйттер күту күдігінің артуына қарамастан, 2020 жылдың барысында 4-ші тоқсанды қоспағанда (+0.4%) валюталық депозиттер (АҚШ доллары) бойынша теріс серпін байқалады.


1-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің динамикасы



2-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің құрылымының өзгеріс динамикасы



3-сурет. Валюталық депозиттердің өзгеру динамикасы



2020 жыл барысында жеке тұлғалардың теңгелік депозиттерінің өсу қарқыны үдей түскендігін аңғаруға болады. Бұған дейін халықтың теңгелік депозиттерінің өсуіне әсіресе долларсыздандыру шарасы күшті әсер еткен болатын. Бұл жағдайда әдетте теңге әлсіреп, теңгелік депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелер көтерілетіні белгілі. Алайда бұл әсердің күші негізінен 2018 жылы-ақ жойылып, халықтың теңгелік депозиттерінің өсімі тренділік, яғни қалыпты үрдістік мәнге қайта оралды.

2020 жылы халықтың теңгелік депозиттерінің қорытынды өсімі тағы да болжамды тренділік деңгейден аса бастады. Теңгелік депозиттердің тым тез өсуі негізінен ақша-несие саясатының серпіні қандай екендігін білдіреді. Сондай-ақ бірінші кезекте жоғалған табыстардың орнын толтыруға бағытталған, фискалдық, яғни қазыналық қолдаулардың айрықша артқандығын көрсетеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар депозиттерін иеленуші-шоттардың саны 27,2 пайызға өсті (2019 жылы – +16,5%). Бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш. Негізгі өсім (98,9%) 1 млн теңгеге дейінгі депозиттік және карталық шоттар санының артқандығына сәйкес келеді. Теңгелік шоттардың көбеюінің шарықтау шегі (2020 жылы шоттардың өсу қорытындысының 86,3%) 2-ші тоқсанда тіркелді (47,7%). Бұл негізінен карантин кезінде халыққа қолдау көрсету мақсатында мемлекеттің жүзеге асырған шаралары аясында әлеуметтік төлемдерді алу үшін ағымдағы/карт шоттарды ашу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Бір жыл ішінде валюталық шоттар 67 пайызға өсті. Алайда абсолютті дәрежеде (+2,5 млн шот) валюталық шоттардың өсімі теңгелік шоттардың өсімімен салыстырғанда (+16 млн шот) айтарлықтай аз. Бұл өсім 2020 жылдың 1-ші тоқсанындағы бір реттік күрт өсуді қоспағанда, сол 2020 жылдың барысында бірқалыпты сипатқа ие болды. Ал 1-ші тоқсандағы өсімге валюта бағамының әлсіреуіне байланысты халықтың алда жағымсыз жәйттер күтуі себеп болған еді.


Депозиттерді сегменттер бойынша орналастыру құрылымы

- *Бұқаралық сегмент* – қалдық ақшасы 15 млн теңгеге дейінгі депозиттер;
- *Орта сегмент* – қалдық ақшасы 15 млн-нан 50 млн-ға теңгеге дейінгі депозиттер;
- *Ірі сегмент* – қалдық ақшасы 50 млн теңгеден жоғары депозиттер.

2020 жылдың қорытындысы бойынша депозиттердің сегменттер бойынша құрылымы былайшы қалыптасты: бұқаралық сегмент 55,1% (2019 жылы 54,7%), орта сегмент 12,2% (2019 жылы 11,8%), ірі сегмент 32,8% (2019 жылы 33,6%) (4-сурет).

2020 жылы барлық үш сегментте депозиттердің өсімі

4-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттерінің құрылымы



байқалды: бұқаралық сегмент +18,3%; орта сегмент +21,5% және ірі сегмент +14,6% (5-сурет). Бұл ретте депозиттердің сегменттер арасында жылдық өсім деңгейі бойынша құрылымы абсолютті дәрежеде былайша көрініс береді: бұқаралық сегмент (+929,3 млрд теңге); ірі сегмент (+454,7 млрд. теңге) және орта сегмент (+235,3 млрд теңге). Бұл өсімге негізінен теңгелік депозиттер есебінен (жылдық өсімнің жалпы сомасында +78.9%) қол жеткізілді (5-сурет).

2020 жылдың қорытындысы бойынша теңгелік депозиттердің өсіміне қатысты көшбасшылық орынға шартты көрсеткіштермен орта сегмент ие +34,3% (+193,6 млрд теңге). Одан әрі бұқаралық сегмент + 22,8% (+898.9 млрд теңге) және ірі сегмент жайғасқан + 20,5% (+185.3 млрд теңге) (6- сурет).

Теңгемен есептегендегі шетел валютасындағы депозиттердің артуына негізінен ірі сегмент үлес қосты +12,1% (+269,4 млрд теңге немесе валюталық депозиттердің жалпы жылдық өсінде +341,5 млрд теңге. Бұл осы сегментте шоғырланудың жоғары дәрежеде екендігін растайды. Одан әрі орта сегмент +7,9% (+41,8 млрд теңге) және бұқаралық сегмент +2,7% (+30,4 млрд теңгетенге) (7-сурет).

Жалпы 2020 жылдың барысында сегменттер бойынша депозиттер құрылымында елеулі өзгерістер байқалмады. Былтырғы жыл барысында бұқаралық сегмент негізгі сегментке айналды. Бұл ретте бағамдық өзгерістерге қатысты анағұрлым сезімтал сегмент - ірі сегмент болды. Бұған 2020 жылдың бірінші тоқсанында ірі сегменттегі теңгелік және шетел валютасындағы депозиттер арасындағы шұғыл өзгерістер дәлел бола алады. АҚШ доллары бағамының шұғыл өзгеруі нәтижесінде өзара ақша айырбастау жүргізілді.


Дейтұрғанмен, банк жүйесіне деген сенім деңгейінің жанама көрсеткіші теңгеде 36,3 пайызды (2019 жылы 353%), валютада 86,0 пайызды (2019 жылы 845%) көрсетті. Бұл жанама көрсеткіш депозиттердің кепілдік берілген сомадан артық сомасы мен депозиттердің жалпы сомасының өзара ара-қатынасы ретінде алынады. Нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: тұрғындар несиелік тәуекелге қарағанда бағамдық тәуекелге көп басымдық береді. Ал теңгелік депозиттер бойынша жағдай керісінше.

2020 жылдың қорытындысы бойынша әрбір сегмент сомасының шоттар санына ара-қатынасын талдау нәтижесіне сүйенсек, бұқаралық сегменттегі теңгелік депозиттер сомасының жоғарғы өсім деңгейін есептемегенде, елеулі өзгерістер жоқ. Бұл фактор 2020 жыл барысында қолда бар ірі теңгелік шоттардың белсенді түрде толықтырылғанын көрсетуі мүмкін.


Валюталық шоттардың негізгі өсімі әсіресе бұқаралық сегментте байқалды (+67,5%).

Бұл өсім 2020 жылдың 1-ші тоқсанындағы бір реттік шұғыл


5-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттеріндегі өзгерістер



6-сурет. Теңгедегі депозиттер сегменттерінің өзгеруі



7-сурет. Шетел валютасындағы депозиттер сегменттерінің өзгеруі



өсімді есептемегенде (бұл валюта бағамының әлсіреуін қосқанда, сол уақытта экономикада болып жатқан жағымсыз әсерлерді паш етеді) 2020 жылдың барлық тоқсанында бірқалыпты сипатқа ие болды. Ал бұл жаңа шоттар ашу депозиттерге қосымша ақша салу санынан асып түскендігін көрсетеді, яғни мұны 2020 жылы бағамның айтарлықтай құбылмалы болғанына барабар жауап ретінде қабылдауға болады.

Салымдарды мерзімділік өлшемі бойынша орналастыру құрылымы

2020 жылдың соңына қарай депозиттердің мерзімділік бойынша құрылымы былайша қалыптасты: мерзімсіз салымдар – 63,4% (2019 жылы 69,7%), ағымдағы/карт шоттар – 15,3% (2019 жылы 13,6%), мемлекет субсидиялатын салымдар – 9,7% (2019 жылы 8,9%), жинақ салымдар – 6,7% (2019 жылы 5,4%), мерзімді салымдар – 4,6% (2019 жылы 2,3%), талап етілгенге дейінгі салымдар 0,4% (2019 жылы 0,2%) (8-сурет).


2020 жылдың басынан бастап депозиттердің жалпы өсімі (17,4%; +1.6 трлн теңге) әрбір депозиттік өнім бойынша шартты түрде бірдей деңгейде қалыптасты. Тек мерзімсіз салымдар (салымның өсімі 27,3%) мен ағымдағы/карт шоттардың (салымның өсімі 24,9%) өсімі салымдардың басқа түрлеріне қарағанда аздап алға озды.

Теңгелік депозиттердің құрамында мерзімсіз салымдардың – 54,0% (2019 жылдың соңында 58,%), ағымдағы/карт шоттардың – 20,1% (2019 жылдың соңында 18,4%) және субсидияланатын салымдардың – 15,8% (2019 жылдың соңына қарай 15,2%) үлесі басым. 2020 жылы теңгелік депозиттердің жалпы жылдық өсіміне мерзімсіз салымдар әсер етті. Олардың өсімі +34,5 пайыз (жыл басынан бері) (9-сурет).


2020 жылдың қорытындысы бойынша теңгелік салымдардың қысқаруы мерзімсіз депозиттер (-0,2%; - 3,0 млрд теңге) және талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша (-0,1%; -1,7 млрд теңге) байқалды. Алайда бұл салымдардың алатын үлесі аз болғандықтан, депозиттердің жалпы құрылымына әсер еткен жоқ.

Валюталық салымдарда жалпы өсімнің (+8,8%; 2020 жылдың басынан бастап 341,5 млрд теңге) 85,1 пайызы мерзімді салымдарға тиесілі. Бұл өсім тең дәрежеде қайта бағалау және долларлық баламада жаңа қаражаттардың түсуі есебінен қамтамасыз етілді. Бұған дейін мерзімді салымдарда валюталық салымдардың алар үлесі аз болды (валюталық салымдардың қорытынды үлесі 10,7%, 2019 жылы 4,2%). Ағымдағы өсім мерзімсіз депозиттер категориясындағы валюталық салымдардың жылыстап кетуімен сәйкес келеді. Атап өтілген өзгерістер техникалық сипатқа ие болуы мүмкін және ірі клиенттердің депозиттік шарттарына түзету енгізуге байланысты – яғни, банктер тарапынан мерзімділіктің шектеулігін нақтылау.

8-сурет. Депозиттер құрылымы, трлн. теңге



9-сурет. Теңгелік депозиттер құрылымы, трлн. теңге



Орын алған өзгерістер нәтижесінде 2020 жылдың соңында жалпы депозиттер бойынша тұрақты қор жинау үлесі¹ 12,5 пайызды құрады (2019 жылдың соңына қарай 8,4%) (8-сурет). Негізгі өсім мерзімді валюталық депозиттердің есебінен қалыптасты. Бұл ретте теңгелік қор жинау үлесі 11,9 пайызды құрады (2019 жылы 9%). Өсім негізінен жинақ салымдар есебінен қалыптасты. Олар бойынша ең жоғары өсім 2020 жылдың бірінші тоқсанына сәйкес келді (9-сурет).

Сондай-ақ 2020 жылы ағымдағы/карт шоттардың - 34,9 пайызға көбейгендігін атап өткен жөн (2019 жылы +26,2%). Бұл өте жоғары көрсеткіш. Оның шарықтау шегі сол жылдың 2-ші тоқсанына сәйкес келді. Салымдардың бұл түрі бойынша нөлдік мөлшермелер қолданылады. Осылайша қолма-қол ақшасыз және карталық технологиялардың дамуына және енгізілуіне байланысты осы арзан қор жинаудың үлесі жеке тұлғалардың теңгелік депозиттік базасында (субсидияланатын депозиттерді есепке алмағанда) 23,9 пайызды құрады (2019 жылы 21,7%, 2018 жылы 20,1%).

Салымдардың долларлануы

2020 жылдың соңына қарай депозиттердің долларлануы 38,7 пайызды құрады (2019 жылдың қорытындысы бойынша 41,8%). 2020 жылдың 3-ші тоқсанымен салыстырғанда долларлану деңгейі төмендеуін жалғастырды (2020 жылдың 3-ші тоқсанының қорытындысы бойынша 41,6%).


Жалпы 2020 жылдың барысында депозиттердің долларлану деңгейі бірқалыпты серпінде дамыды. Мұнайдың әлемдік бағасының күрт төмендеуі аясында (теңге бағамының 17,5 пайызға құлдырады) елдегі макроэкономикалық жағдайдың күрт нашарлауына байланысты наурыз айында долларлану әдеуір өсті (2020 жылдың 1-ші тоқсанында 47,4%). Бұдан кейін теңгелік активтерді қорғау бойынша шұғыл шаралардың және базалық мөлшерлемені шұғыл көтеру нәтижесінде долларланудың төмендеуі бойынша бұрын байқалған тренд қайта қалпына келтірілді (10-сурет).

2021 жылдың басына қарай, әрбір сегменттің салымдары аясында долларлану былайша көрініс тапты: ірі сегмент – 22,8% (2019 жылдың соңына қарай 23,9%), орта сегмент – 5,3% (2019 жылы 5,7%), бұқаралық сегмент – 10,7% (2019 жылы 12,2%).


2020 жылдың соңына қарай долларлану әрбір сегмент бойынша мынадай көрсеткішке ие болды: ірі сегмент – 69,5% (2019 жылдың соңына қарай 71%), орта сегмент – 43,1% (2019 жылы 48,5%), бұқаралық сегмент – 19,4% (2019 жылы 22,3%) (11-сурет).

Бұл ретте әрбір сегментте валюталық салымдардың АҚШ долларында көрсетілген сомасы 2020 жылдың соңына қарай былайша қалыптасты: ірі сегмент +1,6%, орта сегмент - 2,3%, бұқаралық сегмент -7%.

10-сурет. Салымдардың долларлануы



11-сурет. Сегменттердегі долларлану



¹ Сыйақысын мемлекет субсидиялайтын депозиттерді қоспағанда, депозиттердің қорытындысы бойынша мерзімді және жинақ салымдар

2020 жылдың 1-ші тоқсанының қорытындысы бойынша теңгенің әлсіреуі мен макроэкономикалық жағдай әсіресе ірі сегментке әсер етті: +7.7 п.т. - сегменттің өзіндегі өсім және +4.4 п.т. - долларландырудың жалпы деңгейіне қосылған үлес (2020 жылдың 1-ші тоқсаныны ішінде). 2020 жылдың 1-ші тоқсанында АҚШ долларымен көрсетілген валюталық салымдардың өсімі әрбір сегмент бойынша былай болды: ірі сегмент +7,2% (-3.8% 2-ші тоқсанда), орта сегмент -0.3% (-5.8% екінші тоқсанда), бұқаралық сегмент -4.8% (-0.8% 2-ші тоқсанда).

2020 жылдың қорытындысы бойынша мерзімділік өлшемі бойынша ең жоғары долларлану әрбір салым түрінде былайша байқалды: мерзімді салымдарда – 90,7% (2019 жылдың соңына қарай 76,8%), талап етілгенге дейінгі салымдарда – 85,6% (2019 жылдың соңына қарай 57,9%) және мерзімсіз салымдарда – 47,8% (2019 жылдың соңына қарай 51,0%). Долларланудың ең төмен деңгейі мына салымдарда байқалды: ағымдағы/карт шоттарда – 19,3% (2019 жылдың соңына қарай 21,0%) және жинақ салымдарда – 14,6% (2019 жылдың соңына қарай 27,3%) болды (12-сурет).


Сыйақы мөлшерлемесі

Депозиттер бойынша максималды пайыздық мөлшерлемелердің көлемі депозиттің түрі мен мерзіміне қарай Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі немесе нарықтық мөлшерлемелер негізінде айқындалады (банктерде жаңадан ашылған депозиттер бойынша орташа бағамдалған сыйақы мөлшерлемесі). Бұл ретте мерзімсіз салымдар, сондай-ақ 3 және 6 айлық мерзімді және жинақ салымдар бойынша максималды мөлшерлемелер – базалық мөлшерлеме мен спредтің сомасы ретінде, ал 12 және одан да көп айға ашылатын жинақ және мерзімді салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелер мен спредтің сомасы ретінде айқындалады. 2020 жылдың барысында мөлшерлемелер серпіні көп жағдайда Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің траекториясы бойынша айқындалды.


2020 жылдың 10 наурызында әлемдік экономикада жағдайдың қатты қиындауына байланысты (мұнай бағасының күрт төмендеуін қосқанда), сондай-ақ әлемде коронавирус пандемиясының тез тарауына байланысты Қазақстанның Ұлттық Банкі сыртқы сектор тарапынан жағымсыз ықпалдар аясында бағаларды тұрақтандыру мақсатында базалық мөлшерлемені қайта қарау бойынша кезектен тыс шешім қабылдады. Базалық мөлшерлеме пайыздық тармақ ± 1.5 п.т. ұлғайтыла отырып, 12 пайыз деңгейінде белгіленді.

Ұлттық Банктің бұл шешімі жеке тұлғалар депозиттері нарығының дамуына ерекше серпін берді. Соның нәтижесінде 2020 жылдың бірінші тоқсанында банктерге ұсынылған максималды мөлшерлемер едәуір өсті. Сол-ақ екен, нарықта да салымдардың пайыздық мөлшерлемелері


12-сурет. Депозит түрлері бойынша долларлану



13-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



14-сурет. Мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы




өсті. Бұл ретте әсіресе мерзімсіз салымдар және 3 және 6 айға арналған мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер едәуір өзгерді. Мысалы, мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер 9,8 пайыздан 12,5 пайызға (13-сурет), ал 3 және 6 айлық мерзімді салымдар бойынша сәйкесінше 10,3 пайыздан 13 пайызға дейін өсті (14-сурет). Бұл өзгерістер спредтер көрсеткіштерінің өсуіне әсер етті²: мерзімсіз салымдар бойынша 0.6-дан 1.6 п.т. дейін, 3 және 6 айлық мерзімді салымдар бойынша - 2.9-дан 5.6 п.т. және 1.3-тен 4.3 п.т. дейін ұлғайды.

Бұл кезеңде мерзімді салымдар бойынша нарықтық мөлшерлемелердің серпіні әлсіз болды. 2020 жылдың 1-ші тоқсанында 6 және 24 айлық мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер сәйкесінше 0.3 және 1.9 пайыздық тармақтарға азайды. Мерзімді салымдардың басқа түрлері бойынша мөлшерлемелердің өсімі базалық мөлшереме мен ұсынылған максималды мөлшерлемелердің өсіміне қарамастан бірқалыпты өрбіді (14-сурет). Жалпы егер мөлшерлемелер мен спредтерді осы депозиттік өнімнің мерзімділігіне қатысты максималды ұсынылған мөлшерлемелерге үлестіру бойынша баға беретін болсақ, осы депозиттік өнімнің жекелеген түрлері арасында анау айтқандай айырмашылық жоқ екенін байқауға болады. Мөлшерлемелер динамикасы және Қор ұсынатын максималды мөлшерлемелерге ден қою тұрғысынан алып қарайтын болсақ, 12 және 6 айлық мерзімді салымдарды индикативті салымдар деп санауға болады.


Кейінірек, 2020 жылдың сәуірінен тамызына дейінгі аралықта қаржы нарығына сыртқы жағымсыз жағдайлардың әсерін азайту мақсатында Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 12 пайыздан 9 пайызға түсірді. Нәтижесінде ұсынылатын максималды сыйақы мөлшерлемелері де қайта қаралды. Осылайша тамыз айында мерзімсіз салымдар бойынша теңгедегі максималды сыйақы мөлшерлемелері жылына 9 пайыз деңгейінде, толықтыруға болатын 3 және 6 айлық мерзімді салымдар бойынша 9,0 пайыз, ал толықтыруға болмайтын түрі бойынша 9,5 пайыз деңгейінде қалыптасты. Осы мерзімге арналған жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер сәйкесінше 10,0 және 10,5 пайызды құрады. Бұл шешім депозиттік нарықта күрт ауытқушылықтарды болдырмауға және банктерге осы өзгерістерге бейімделуге мүмкіндік берді. Банктер де мерзімсіз салымдар және 3 және 6 айлық мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелерді азайтты. Осылайша мөлшерлемелер бұдан әрі қарай максималды мөлшерлемелердің төмендеу траекториясына сәйкес біртіндеп төмендей бастады (13-сурет).

Осы өзгерістер аясында 6 айлық мерзімді салымдар бойынша нарықтық және максималды рұқсат етілетін мөлшерлемелер арасындағы спредтің біртіндеп 4.3-тен (01 сәуірге) 2.5 пайыздық тармаққа (01 қыркүйекке) дейін тарылғанын байқауға болады. Спредтің тарылуын

15-сурет. Жинақ салымдары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



16-сурет. Инфляция деңгейіне түзетілген депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



² Нақты депозиттік өнім бойынша қалыптасқан нарықтық мөлшерлеме мен ұсынылатын максималды мөлшерлеме арасындағы айырмашылық

салымдардың осы түрі бойынша ұсынылған максималды мөлшерлемелердің төмендеуіне берілген барабар жауап ретінде қабылдауға болады. Бұл ретте 2020 жылдың қорытындысы бойынша спредке қатысты ең айрықша өзгеріс 24 айға арналған жинақ салымдарда байқалды (-1.2 п.т.). Бұл банктердің ұзақ мерзімді салымдардың осы түріне деген қызығушылығы төмен екендігін, сондай-ақ алдағы ұзақ мерзімді кезеңде пайыздық мөлшерлемелердің төмендейтіндігіне қатысты (базалық мөлшерлеме, нақты мөлшерлемелер) болжам жасағандығын көрсетуі мүмкін.

2020 жылдың 4-ші тоқсанында мерзімсіз салымдар бойынша орташа нарықтық мөлшерлеме біртіндеп жоғарылап, 0.2 пайыздық тармаққа көтерілді (3-ші тоқсанда 0.4 п. т., 2-ші тоқсанда 1.3 п. т. және жыл басында 0.6 п. т.). Мұндай өсімдер инфляцияны күтудің, сондай-ақ банктердің белсенді операциялары бойынша (қаржы министрлігінің облигациялары, кредиттік белсенділіктің қайта қалпына келуі) табыстылық мөлшерлемесінің өскендігін көрсетуі мүмкін. Бұған дейін мөлшерлемелердің артып, спредтің төмендеуі 2020 жылдың 1-ші тоқсанында орын алған болатын. Ол жағымсыз экономикалық үрдістің қалыптасқанына, сондай-ақ нақты және күтілген инфляцияның (бағамның әлсіреуінен прокси) өсуі себебінен болған еді.

2020 жылдың 4-ші тоқсанында 6 және 24 айлық мерзімді салымдар бойынша нарықтық және ұсынылған максималды мөлшерлемелер өз мәнінде бір-біріне сәйкес келді деуге болады. Бұл депозиттердің осы түрінің мерзімділік-баға категориясы бойынша жұмыссыз үлестірілімнің бар екендігін көрсетеді.

2020 жылдың 4-ші тоқсанында нарықтық мөлшерлемесі елеулі түрде төмендеген салымдар – 24 айға арналған жинақ депозиттер (-0.95 п.т) және 3 және 6 айға арналған мерзімді салымдар (сәйкесінше -0.6 п.т. және -0.4 п.т.) болды.

Сонымен қатар 24 айға арналған жинақ салымдардың нарықта аса сұранысқа ие болмағанын атап өтуге болады. 2020 жылдың 4-ші тоқсанының соңына қарай бұл салымдардың мөлшерлемелері 12 айға арналған жинақ салымдардың мөлшерлемесінен -1.9 пайыздық тармаққа дейін төмен болды. Сонымен қатар спред ұсынылған максималды мөлшерлемелерге қатысты 1.7 пайыздық тармаққа өсті.

Инфляцияны ескере отырып айтар болсақ, базалық мөлшерлемелер төмендеген соң, негізгі депозиттер бойынша нақты мөлшерлемелер де (нарықтық мөлшерлеме - инфляция) төмендеді. Бұл ретте мерзімсіз салымдар бойынша нақты мөлшерлемелер жыл басындағы көрсеткішпен салыстырғанда 2.5 пайыздық тармаққа азайды. Ол аздай, қыркүйек айынан бастап, мерзімсіз салымдар бойынша нақты нарықтық мөлшерлемелер көп дәрежеде мөлшерлемелер дәлізінің төменгі шекарасына байланып (банктерден өтемділікті алу мөлшерлемесі), Ұлттық Банктің нақты мөлшерлемесі деңгейінен төмен болды. Өткен жылдың соңында мерзімді салымдар бойынша

нақты нарықтық табыстылық мөлшерлемесі 1.7 пайыздық тармаққа азайды (2020 жылдың 4-ші тоқсанында -0.8 п.т.) (16-сурет). Жинақ салымдар бойынша нақты мөлшерлемелер 2020 жылдың барысында біртіндеп төмендеумен болды. Бұл ретте спредтің рұқсат етілген максималды шекке қатысты мәні 0.66 пайыздық тармақ деңгейінде тіркелді (мысал үшін 2020 жылдың соңындағы деңгей 0.3 п.т.). Осылайша инфляцияның ағымдағы серпіні жинақ салымдардың мөлшерлемесіне теріс әсер етіп, олардың нақты тартымдылығын біртіндеп төмендетуде.